



201__ жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

«__» _____ 201__ года

№ _____

№ _____

№ _____ данасы

экз. № _____

№ исх: 23-11/1405 от: 08.06.2017

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары З.Я. Балиеваға, Ж.А.
Жарасовқа, Б.М. Мәкенге, М.М.
Махамбетовке,
А.С. Платоновқа**

2017 жылғы 10 мамырдағы № ДС-134

Құрметті депутаттар!

Жол-патрульдік полициясы қызметкерлерінің таяқшаларды пайдалану жағдайлары мен тәртібін қайта қараудың мақсаттылығына қатысты Парламент Мәжілісінің 2017 жылғы 10 мамырдағы жалпы отырысында жарияланған Сіздердің депутаттық сауалыңызға мынаны хабарлаймыз.

Әлемнің ең дамыған елдерінде (АҚШ, Батыс Еуропа елдері және ЭЫДҰ т.б.) жол-патрульдік полициясының жұмысында таяқшалар қолданылмайды, көлік құралдарын тоқтату мен жол жүрісін реттеуді полицейлер қол қиымымен жүзеге асырады. Көрсетілген елдерде халықтың автомобильдену деңгейі Қазақстандағы автомобильдену деңгейінен бірнеше есе асады, бұл ретте полицейлердің реттеуі мен олардың қимылдарын түсінуде қандайда бір проблемалар туындамайды.

Осыған байланысты, шетелдердің озық тәжірибесін ескере отырып, Қазақстан Республикасында құрылымдық реформаларды іске асыру жөніндегі 2014-2015 жылдарға арналған Жол картасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1012 қаулысымен бекітілген) жол-патрульдік полициясының қызметін жетілдіру, оның ішінде таяқшалардың күшін жою бойынша бірқатар шаралар көзделген болатын.

Жаңа енгізілімдер полицейлердің көлікті себепсіз тоқтату санын айтарлықтай қысқартуға және жол жүрісіне қатысушылармен заңсыз байланыстар санын азайтуға мүмкіндік берді.

Көлік және жаяу жүргіншілер ағындарын негізгі реттеу жол жүрісін ұйымдастырудың техникалық құралдарын (бағдаршамдар, жол белгілері, жол сызықтары) пайдалана отырып, жүзеге асырылатынын атап өткен жөн, бұл ретте жол жүрісін қолмен реттеу жекелеген жағдайларда қолданылады.

Қазіргі уақытта Ішкі істер министрлігі халық арасында қол қимылымен берілетін реттеушінің сигналдарының мағынасы туралы қосымша түсіндіру жұмысын ұйымдастырды, сондай-ақ жол-патрульдік полициясының қызметкерлерімен жол жүрісін қолмен реттеу әдістерін жетілдіру бойынша сабақ жүргізілуде. Жарық шағылыстыратын нысандық күртешелер мен қолғаптардың жана үлгілері бекітілді, олармен жоспарлы тәртіппен жол-патрульдік полициясының қызметкерлері жабдықталуда.

Жазылғанның негізінде, жол-патрульдік полициясының жұмысында таяқшаларды қолдануды орынсыз деп ұйғарамын.

Б. Сағынтаев

**Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
Балиевой З.Я., Жарасову Ж.А., Макен
Б.М., Махамбетову М.М., Платонову
А.С.**

На № ДЗ-134 от 11.05.2017г.

Уважаемые депутаты!

На Ваш депутатский запрос, оглашенный на пленарном заседании Мажилиса Парламента 10 мая 2017 года, относительно целесообразности пересмотра условий и порядка использования жезлов сотрудниками дорожно-патрульной полиции сообщая следующее.

В развитых странах мира (США, страны Западной Европы, ОЭСР и др.) в работе дорожно-патрульной полиции жезлы не применяются, остановка транспортных средств и регулирование дорожного движения полицейскими осуществляется жестами рук. В указанных странах уровень автомобилизации населения кратно превышает уровень автомобилизации в Казахстане, при этом каких-либо проблем в регулировании и понимании жестов полицейских не возникает.

В этой связи, с учетом передового опыта зарубежных стран Дорожной картой по реализации структурных реформ в Республике Казахстан на 2014 – 2015 годы (*утверждена постановлением Правительства РК от 24.09.2014 года № 1012*) был предусмотрен ряд мер по совершенствованию деятельности дорожно-патрульной полиции, в том числе по отмене жезлов.

Нововведения позволили значительно сократить число беспричинных остановок полицейскими транспорта и уменьшить количество правонарушений контактов с участниками дорожного движения.

Необходимо отметить, что основное регулирование транспортных и пешеходных потоков осуществляется с использованием технических средств организации дорожного движения (светофоры, дорожные знаки, дорожные разметки), при этом ручное регулирование дорожного движения применяется в отдельных случаях.

В настоящее время Министерством внутренних дел организована дополнительная разъяснительная работа среди населения о значении сигналов регулировщика, подаваемых жестами рук, а также проводятся занятия с сотрудниками дорожно-патрульной полиции по совершенствованию приемов

ручного регулирования дорожного движения. Утверждены новые образцы светоотражающих форменных курток и перчаток, которыми в плановом порядке экипируются сотрудники дорожно-патрульной полиции.

На основании изложенного, использование жезлов деятельности дорожно-патрульной полиции полагаю нецелесообразным.

Б. Сагинтаев